Мақұлдаған
Қарағанды облысы ББД ОӘО
Әдістемелік кеңесі
«____»_____2013ж.

«Бекітемін»
Қарағанды облысының
ББД ОӘО директоры
_____Кожахметова Г.Ш.
«___»_____2013ж.

«Педагогикалық инновациялардың көрме-жәрмеңкесі» облыстық сайысының

Е Р Е Ж Е С І

1.Жалпы мәліметтер

1.1. Педагогикалық инновациялардың көрме – жәрмеңкесі туралы ереже (бұдан әрі – Көрме-жәрмеңкесі) мақсатын, міндетін, өткізу тәртібін, қатысушылар санатын, ұсынылған материалдардың бағалау өлшемдерін анықтайды.

1.2 Жәрмеңкені ұйымдастырушылар: Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы.

2.Мақсаты

Барлық үлгідегі білім беру мекемелері педагогтарының шығармашылық қызметіне қолдау көрсету.

3.Міндеттері

-Инновациялық педагогикалық тәжірибені анықтау, қолдау және тарату, педагогтардың кәсіби қызметіндегі үздік үлгілерді жариялауға жағдай жасау;

-инновациялық білім беру өнімдерін әзірлеу жөніндегі шығармашылық топ жұмыстарын белсендіру;

-озық тәжірибе мектептерін, авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды, оқу-әдістемелік кешендерді т.б. көрсету;

-әріптестер арасында іскерлік және шығармашылық катынастарды орнатып, кеңейту;

-оқушыларға тәрбие беру жұмысын ұйымдастырудың заманауи, тиімді формаларын іздестіру;

-инновациялық идеялардың ақпараттық банкісін құру.

4.Бағыттары (номинациялары)

4.1 Білім беру үдерісі мен әлеуметтік серіктестіктегі инновациялар:

-оқытудың жаңа формалары мен әдістері;

-құзыретті-бағытталған білім;

-бейіналды, кәсіби, қашықтықтан білім беру, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтау моделі;

-білім берудің жеке тәсілін жүзеге асыру: дарынды балалармен жұмыс жүргізудің жаңа формаларын нәтижелі қолдану және әзірлемелерді дайындау тәжірибесі;

-білім берудің жеке дара оқыту тәсілін жүзеге асыру: даму мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс жүргізудің жаңа формаларын нәтижелі қолдану және әзірлемелерді дайындау тәжірибесі;

-коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдармен серіктестік жобалар құру;

-қамқоршылық кеңестердің, білім беру мекемелері, одақтар, балалар бірлестігі әкімшілігінің қызметі.

4.2.Тәрбие беру және қосымша білім беру саласындағы инновациялар:

-тәрбие мен білім беру үдерісіндегі ойын технологиялары;

-көпмәдениетті қоғам жағдайында білім беру үдерісіне қатысушылардың толеранттылығын қалыптастыру;

-қосымша білім беру жүйесіндегі жобалау қызметі;

-педагог пен оқушы портфолиосының жүйесі.

4.3.Азаматтық білім беру саласындағы инновациялар:

-өз отанының патриот азаматын тәрбиелеу;